



**Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды  
мемлекеттік университеті**  
**Саясаттану және әлеуметтану  
кафедрасы**

# **САЯСАТТАНУ ПӘНІ БОЙЫНША ДӘРІС ТОПТАМАСЫ**



**АВТОРЫ: саяси  
ғылымдарының кандидаты,  
доцент  
КОШЕРБАЕВ Д.Б.**

# САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ПАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖӘНЕ ҰЙЫМДАР

## ЖОСПАРЫ:

1. Саяси партияның табиғаты мен белгілері.
2. Саяси партияның құрылымы және қызметі.
3. Саяси партиялардың жіктелуі және партиялық жүйелер.
4. Саяси партиялардың қаржылану жолдары.

# Негізгі әдебиеттер мен құжаттар:

1. ҚР-ның **Конституциясы** 1995 жылғы 30 тамыз  
(2007.21.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. **«Саяси партиялар туралы»** ҚР-ның 2002 жылғы 15 шілдедегі  
N344 Заңы
3. **«Қоғамдық бірлестіктер туралы»** ҚР-ның 1996 жылғы 31  
мамырдағы № 3-І Заңы *(2010.29.04. берілген өзгерістер мен  
толықтыруларымен)*
4. **«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»** Қазақстан  
Республикасының Заңы 2011 ж.
5. **ҚР Орталық сайлау комиссиясы**// <http://election.kz/>

# 1. Саяси партияның табиғаты мен белгілері.

«Партия» ұғымының этимологиясы латын тіліндегі «pars» - бөлшек деген сөзінен шығады.

Антика дәуірінде (Ежелгі Греция және Ежелгі Рим) партия белгілі бір әлеуметтік топтың мүдделерін жақтайтын адамдар тобын білдірген.

# 1. Саяси партияның табиғаты мен белгілері.

Бүгінгі біздің түсінігіміздегі саяси партиялар Еуропада ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастады. Бірақ Еуропалық саяси партиялар да бірден бүгінгі дәрежесіне келе қойған жоқ.

Мәселен, неміс ойшылы *М.Вебер* саяси партиялардың дамуының мынадай кезеңдерін көрсетеді:

- 1) Аристократиялық үйірмелер;
- 2) Саяси клубтар;
- 3) Бұқаралық партиялар.

**Саяси партиялардың қалыптасуына және дамуына мынадай факторлар өзіндік әсерлерін тигізген:**



1) Ұлттық сана-сезімнің оянуы;

2) Жалпы ұлттық революция;

3) Қоғамдық-саяси ұйымдар мен бірлестіктердің құрылуы (кәсіподақтар);

4) Жаппай сайлау құқығының берілуі.

# 1. Саяси партияның белгілері.

Өзге саяси ұйымдардан саяси партияны ажырату мақсатында батыс саясаттанушылары Дж. Лапаломбара мен М.Вейнер оның басты төрт

**Саяси партия дегеніміз** мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде, бір идеология негізінде құрылған адамдардың ерікті одағы

3) партияның мақсаты – саяси билікке келу және

оны уысында ұстап қалу;

4) Қоғамның белгілі бір әлеуметтік топтарының мүдделерін саясатта танытып, сол үшін күресе алуы.

## **2.Саяси партияның құрылымы және қызметі.**

**Саяси партияның құрылымы мыналардан тұрады:**

- 1. партиялық аппарат;
- 2. қатардағы мүшелер;
- 3. партияның жақтастары.

**Француз әлеуметтанушысы *М.Дюверже* бойынша саяси партия құрылымы мыналардан тұрады:**

- 1) партиялық аппарат;
- 2) партия активтері;
- 3) партия мүшелері;
- 4) партияға жылы қараушылар.



## 2. Саяси партияның құрылымы және қызметі.

К. фон Бейме саяси партияның мынадай төрт қызметін ажыратады:

1. Мақсатты айқындау. Идеология мен бағдарламаларды құра отырып саяси партиялар азаматтарға альтернативті жол көрсетеді;

2. Қоғамдық мүдделерді топтастыру және білдіру;

3. Азаматтарды саяси әлеуметтендіру және мобилизациялау;

4. Билік етуші элита мен үкімет құрамын жасақтау.

### 3.Саяси партиялардың жіктелуі және партиялық жүйелер.

Француз ғалымы М.Дюверже саяси партияны сайлаушылар мен белсенділер санына қарай екіге бөлген:

**1.Кадрлық:** (Сайлаушылардың 10 пайызы ғана болатын мүше саны аз, ұйымдастырушылық жағынан жоғары деңгейде. Әр мүшесінің партиялық билеті бар. Мүшелік жарна төлейді. Жарғысын мүлтіксіз орындайды. М: ГФР-дің Христиандық-демократиялық одағы, Жапония либералдық-демократиялық партиясы, Француз коммунистік партиясы).

**2.Бұқаралық:** (Сайлаушылары көп, мүшелері белсенділері де көп. Партиялық билеті жоқ мүшелік жарна төлемейді. Мысалы: Ұлыбританияның Лейбористер партиясы, АҚШ-тың республикалық және демократиялық партиялары).

### 3.Саяси партиялардың жіктелуі.

Ресми заңға сәйкестігіне қарай саяси партиялар жіктеледі:



1) Ресми(легалды) партиялар;

Ресми партия - жұмысын ашық жүргізеді. Қоғамдық саяси өмірге қатынасуына заң жүзінде рұқсат етіледі. Мемлекеттік тіркеуден өтеді. Яғни, Конституцияға, Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер туралы заңға қайшы келмейтін, ресми тіркеуден өткен партияларды айтамыз.

### 3. Саяси партиялардың жіктелуі.

Ресми заңға сәйкестігіне қарай саяси партиялар жіктеледі:



#### 2) Жартылай ресми(легалды) партиялар;

Жартылай ресми партия - формалды түрде рұқсат етілген, тек кейбір жұмысына шек қойылған. Олар саяси билік үшін таласқа түсе алмайды.

Яғни, Конституцияға қайшы келмейтін, алайда, Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер туралы заңның талаптарына жауап бермейтін партияларды айтамыз.

## 3. Саяси партиялардың жіктелуі.

Ресми заңға сәйкестігіне қарай саяси партиялар жіктеледі:



### 3) Құпия(легалды емес) партиялар.

Құпия партиялар - заң бойынша тыйым салынған, жұмысын жасырын жүргізетін партиялар. Яғни, Конституцияға, Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер туралы заңға қайшы келтін, ресми тіркеуден өтпеген, сот шешімі бойынша ҚР-ның аумағында жұмыс істеуге тыйым салынған партияларды айтамыз.

# Соттың шешіміне сәйкес ҚР-ның аумағында тыйым салынған террористік және экстремистік діни ұйымдардың тізімі:

- **Соттың шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған террористік және экстремистік діни ұйымдардың тізімі:**
- **I. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімі негізінде:**
- 1. «Аль-Каида»
- 2. «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс»
- 3. «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс»
- 4. «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»)
- **II. Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 15 наурыздағы шешіміне сәйкес:**
- 5. «Асбат аль-Ансар»
- 6. «Братья-мусульмане»
- 7. «Талибан» қозғалысы
- 8. «Боз гурд»
- 9. «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтер»
- 10. «Лашкар-е-Тайба»
- 11. «Әлеуметтік реформалар Қоғамы»
- **III. Астана қаласы сотының 2005 жылы 28 наурыздағы шешіміне сәйкес:**
- 12. «Хизб-ут - Тахрир» ұйымы
- **IV. Астана қаласы сотының 2006 жылы 17 қарашадағы шешіміне сәйкес:**
- 13. «АУМ Синрикё»
- 14. «Шығыс Түркістан азат ету ұйымы»
- **V. Астана қаласы сотының 2008 жылғы 5 наурыздағы шешіміне сәйкес:**
- 15. «Түркістан ислам партиясы».
- **VI. Атырау қаласы сотының 2011 жылғы 25 қазандағы шешіміне сәйкес:**
- 16. «Джунд-аль-Халифат»
- **VII. Шығыс Қазақстан облысы арнайы ауданаралық экономикалық сотының 2012 жылғы 7 маусымдағы шешіміне сәйкес:**
- 17. РҚБ «Сенім. Білім. Өмір»
- **VIII. Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылғы 26 ақпандағы шешіміне сәйкес:**
- 18. «Таблиги джамагат»
- **IX. Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2014 жылғы 18 тамыздағы шешіміне сәйкес:**
- 19. «Ат-такфир уаль-хиджра»
- **XII. Астана қаласы Есіл аудандық сотының 2015 жылғы 15 қазандағы шешіміне сәйкес:**
- 20. «Ислам мемлекеті».
- 21. «Ан-Нусра фронты».



## 3. Партиялық жүйелер.

Бүгінгі саяси ғылымда саяси партияларды шынайы саяси билікке қатысатын партиялардың санына қарай топтастыру кең тараған. Осыған сәйкес саяси партияларды мынадай жүйелерге бөледі:

1. Бірпартиялық жүйе;
2. Екіпартиялық жүйе;
3. Көппартиялық (Мультипартизм) жүйе.

# 1. Бірпартиялық жүйе

**1. Бірпартиялық жүйе.** Қоғамның саяси жүйесінде бірпартияның ғана үстемдігі мойындалады. Мысалы: КСРО, КХДР, Куба.

**2. Квазикөппартиялық жүйе** – нақты бір партия болады, көппартиялылықты өтірік көрсету үшін «қуыршақ» партиялар құрылады. (Социализм кезеңінде Польшада, ГДР-да орын алған);

**3. Үстемдікке ие бір партиялық жүйе** – қоғамда саяси билікке таласушы көптеген партиялар болуы мүмкін, алайда ондаған жылдар бойы билікке иелік етеді және халық арасында жоғары беделге ие партияның болуы (Мысалы, Швецияның Социал-демократиялық партиясы, Жапон елінің Либеральдық – демократиялық партиясы, және т.б.).



## 2. Екіпартиялық жүйе.

Мемлекеттің саяси жүйесінде екіден көп саяси партиялардың болуына қарамастан билікке таласады және келеді негізгі екі партия.

**Бипартизм** көбінесе англо-саксондық елдерде тараған. Мысалы: АҚШ, Ұлыбритания және т.б. елдер.



**Екі жарым партиялық жүйе.** Қоғамның саяси жүйесіндегі негізгі екі партиямен қатар белгісіз бір партияның билікке келуі. Мысалы: Германиядағы СДПГ мен ХДС / ХСС партияларымен қатар билікке СвДП «жасылдар» партиясы келді.

## 3. Мультипартизм.

3. Көппартиялық(Мультипартизм) жүйе - тең дәрежелі бірнеше партиялардың билік үшін күресінен туындайды. Мысалы: Қазақстан, Ресей және т.б. елдерде.

# 1. «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы

- «Нұр Отан» республиклық саяси партиясы 1999 жылы қаңтарда құрылып, сол жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген.
- Партия мүшелерінің саны шамамен 800 000 адамды құрайды.



**НАЗАРБАЕВ**  
Нұрсұлтан Әбішұлы  
Қазақстан Республикасының Президенті,  
"Нұр Отан" ХДП Төрағасы



**ҚҰЛ-МҰХАММЕД**  
Мұхтар Абрарұлы  
"Нұр Отан" ХДП Төрағасының Бірінші  
орынбасары (2015ж.)

## 2. «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттар партиясы

- Қазақстандағы президентшіл екі партия – «Ауыл» партиясы мен Патриоттар партиясы бірігіп, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттар партиясы деген атаумен жаңа саяси ұйымды дүниеге келді (2015ж.).



**Әли Бектаев**  
Партия төрағасы



# 3. Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы

**Партия 2002 жылы 3 сәуірде тіркелген.**

**Партия мүшелерінің саны 180 000 адамды құрайды.**



**Перуашев Азат Тұрлыбекұлы**  
**Партия төрағасы.**



# 4. Қазақстанның коммунистік Халықтық партиясы

- Мемлекеттік тіркеуден 2004 жылы 21 маусымда өткен. Тіркелу кезінде партия құрамында 90 000 адам болды.
- Партия мүшелерінің саны қазір 81 000 адамға тең.



Ахметбеков Жамбыл Аужанович  
Орталық комитетінің хатшысы



Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов  
Орталық комитетінің хатшысы



Легкий Дмитрий Максимович  
Орталық комитетінің хатшысы

## 5. Бірлік саяси партиясы



- Партия 2003 жылғы 6 қазанда тіркелген.
- Партия мүшелерінің саны 72 000 адамды құрайды.
- ҚР ӘМ Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 2013 жылғы 17 маусымда «Руханият» партиясы ҚБ «Бірлік» саяси партиясы ҚБ-не мемлекеттік қайта тіркеуден өткізді.



Партия төрағасы

**Сұлтанғалиев  
Серік**

## 6. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы

- Партия 2009 жылы 24 қазанда тіркелген.
- Құрамы 140 000 адамнан тұрады.



**Төрағасы: Тұяқбай Жармахан Айтбайұлы**



## 7. Қазақстанның "АЗАТ" Демократиялық партиясы

- Партия 2009 жылы 24 қазанда тіркелген.
- Құрамы 140 000 адамнан тұрады.



**Төрағасы: Әбілов Болат Мұқышұлы.**

## 4. Саяси партиялардың қаржылану жолдары:

- 1) Өзін өзі қаржыландыру (мүшелік ақы, жалға беру және т.б.);

- 2) Демеушілік;

- 3) Мемлекеттік қаржыландыру:
- тікелей
- жанама.



# *Дәріс 10. Саяси даму мен модернизация*



## **Сұрақтар:**

- 1. Модернизация: мәні, тарихы, мәселелері.*
- 2. Саяси модернизацияның мазмұны, түрлері мен үлгілері.*

# Әдебиеттер тізімі:


1. Әбсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері: екі томдық оқу құралы. - 2-ші басылымы. - Алматы: Қарасай, 2012
2. Маймақов Ғ.Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы: оқулық. - Алматы: Дәуір, 2012.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы [Текст]. - Астана: Елорда, 2008.
4. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.primeminister.kz/page/article-101>

# 1. Модернизация: мәні, тарихы, мәселелері.

**Модернизация** – индустриальдіға дейінгі қоғамнан индустриальдыға және одан постиндустриальдіға өту


## 1. XVIII-XIX ғғ. Батыс елдеріндегі саяси өзгерістер:

Билік бөлінісі; жалпыға бірдей сайлау құқығының берілуі; бұқаралық партиялар; азаматтық қоғамның негізінің салынуы.



## 2. XIX-XX ғғ. дамушы елдердегі саяси модернизация:


адам капиталының дамуы; өнеркәсіптік революция



## 3. XX ғ. 80-ші жылдарындағы Батыс елдеріндегі постмодернизация

этатизмнің, абсентеизмнің, саяси Индиференцияның артуы; билік бөлінісінің күшейуі; дәстүрлі партиялардың дағдарысқа ұшырауы.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ТОЛҚЫНДАРЫ





### **Бірінші кезең (XX ғ. 50-60-шы жылдары)**

**Бағыты:** «универсализм» (вестернизация).

**Мазмұны:** телеологизм және евроцентризм (американоцентризм).

**Мақсаты:** батыс үлгісі бойынша дамушы елдерді демократияландыру; құндылықтар жүйесін өзгерту және билікті легитимациялауды өзгерту.



### **Екінші кезең (XX ғ. 60-70-ші жылдары.)**

**Бағыты:** евроцентризмнен бас тарту.

**Мазмұны:** консервативті және либеральді даму.

**Мақсаты:** тұрақты саяси даму.

### **Үшінші кезең (XX ғ. 80-90-шы жылдары.)**

**Бағыты:** дәстүр мен бүгінгінің сәйкес келмеуі

**Мазмұны:** модернидандан тысқары модернизация.

**Мақсаты:** демократияны дамыту; орталықтанған мемлекеттерді құру; бұқараның саясатқа араласуы.



**«Саяси даму болашақтың кепілі»**

*(Наполеон I Бонапарт, француз императоры)*

# САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯ ТҮСІНІГІ

**Саяси модернизация** – саяси демократияның орнауы немесе билікті заңдастыру тәсілдерін өзгерту.

## МАҚСАТЫ

Жаңа саяси институттарды құру


Элита мен жетекшілердің саяси бағыттарын ашық күреске өзгерту

Рациональді бюрократияны қалыптастыру

## МОДЕРНИЗАЦИЯ МЕХАНИЗМІ: ИМИТАЦИЯ

Белгілі бір үдерістің қызметтік мазмұны мен механизмін көшіру

**Имитация алгоритма**



Үдерістің тек көрінісін жасау арқылы жалған нәтиже беру

**Нәтиже имитациясы**



**«Қажетсіз жаңашылдықтардан қаш, әсіресе логикалық негізделген»**

*(Уинстон Черчилль, Ұлыбритания премьер-министрі)*

## 2. Саяси модернизацияның мазмұны, түрлері мен үлгілері.





**Сызықтық үлгі**  
(революциялық, радикальді және үдерістің толықтай трансформациялануы)

**Порциальді үлгі**  
(Қоғамның созылмалы трансформациялануы)

**Көпбағытты үлгі**  
(қоғамның көпжақты трансформациялануы)



**Акторлық үлгі**  
(жекелеген өзгерістер)

**Құрылымдық үлгі**  
(ішкі және сыртқы өзгерістер)

Идентичность

Легитимділік

БҮГІНГІ ДАҒДАРҒЫСТАР

Саяси қатысу

Саяси ендіру

Саяси бөлушілік

# **САЯСИ МӘДЕНИЕТ ПЕН САЯСИ ИДЕОЛОГИЯ**

## **ЖОСПАРЫ:**


- 1. Саяси мәдениет: мазмұны мен мәндік сипаттамалары.**
- 2. Саяси мәдениеттің негізгі түрлері.**
- 3. Саяси идеология: мәні, құрылымы, қызметтері.**
- 4. Саяси идеология түрлері.**

## Негізгі әдебиеттер мен құжаттар:

- ҚР-ның **Конституциясы** 1995 жылғы 30 тамыз (2007.21.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 1. ҚР Президентінің «**Қазақстан-2050**» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
- 2. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ **Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам**» бағдарламасы.
- 3. «**Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы**» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 ж.
- 4. Джаппарова Р. Саяси мәдениеттің қалыптасуы // Саясат. – 2003. – №8. – Б. 46-48.
- 5. Стрежнева М.В. Политическая культура в различных интерпритациях: анализ специального понятия // Общественные науки и современность. – 2002. – №5. – С. 141-155.
- 6. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.

# 1. Саяси мәдениет: мазмұны мен мәндік сипаттамалары:

Иоганн Готфрид **Гердер** неміс ойшылы XVIII ғ. екінші жартысында «**саяси мәдениет**» ұғымын ғылымда алғаш қолданып, әдебиетке енгізген.




(1744-1803)

# 1. Саяси мәдениет: мазмұны мен мәндік сипаттамалары.

- Қоғамдағы иррационалды құбылыстарды түсініп білудегі саяси мәдениеттің көмегі зор. Себебі, «саяси мәдениет нақтылы саяси жүйенің сипатын, қазіргі саяси тәртіптің мәнін, қоғамдық топтар ерекшеліктерін, саяси процестердің даму жолын және бағытын түсінуге мүмкіндік береді. Саяси мәдениет адамдардың жүріс-тұрысы мен әртүрлі ұйымдардың қызметіне, олардың ішкі және сыртқы саясат құбылыстарын ұғынуға, саяси болжам жасауына тікелей әсер етеді»[4].

# САЯСИ МӘДЕНИЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ

Саяси сана  
мәдениеті




Саяси көзқарастар мен нанымдар

Саяси құндылықтар, дәстүрлер, және нормалар

Саяси қондырғылар


Саяси жүріс  
түрыс  
мәдениеті



Саяси қатысу мәдениеті

Саяси іс-әрекет мәдениеті

Мемлекеттік  
және саяси  
институттардың  
қызмет етуінің  
мәдениеті



Электоральдық үдеріс мәдениеті

Саяси шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру  
мәдениеті

Әлеуметтік-саяси шиеленістерді қабылдау және  
шешу мәдениеті

САЯСИ МӘДЕНИЕТ - САН ҚЫРЛЫ

# Саяси мәдениеттің қызметтері

**1. ТАНЫМДЫҚ.** Қоғамдық ғылымдарды меңгеру арқылы субъектілер саяси біліммен қаруланады. Сөйтіп адамдар қоғамдық дамуды және саясаттың өзін айқындайтын заңдар мен негіздерді танып біледі;

**2. РЕТТЕУШІЛІК** - саяси жүйенің дұрыс жұмыс істеп, ойдағыдай дамуын, қоғамдық тәртіптің саналы түрде нығаюын, саяси тұрақтылықты, ұлттық және әлеуметтік-таптық қатынастарды реттеуді қамтамасыз етеді;

**3. САБАҚТАСТЫҚ** - аға ұрпақтың саяси тәжірибесін кейінгі ұрпақтың қабылдап алып, оны одан әрі жалғастыру міндеттері. Олар тарихи сабақтастықты, саяси процестің тоқтаусыз ұласып дамуын қамтамасыз етеді;

**4. БАЙЛАНЫС** - Саяси мәдениетті игеру арқылы тілек, мақсаттары бірдей адамдар топтасады, сөйтіп олар саяси қатынастардың ережелерімен қаруланады, одақтастар және қарсыластармен саяси әңгімеге келіп, тіл табыса алатындай шеберлікке дағдыланады.



# 1. Саяси мәдениет: мазмұны мен мәндік сипаттамалары.

- **Саяси мәдениет** - белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығы. Яғни, өкімет пен азаматтардың өзара қатынастарына байланысты тарихи қалыптасқан саяси нұсқаулар, қазыналар, адамның өзін-өзі ұстауы жөніндегі жарлық, қаулылар жүйесі.

## 2. Саяси мәдениеттің негізгі түрлері :

- Батыстық саясаттанушылар С.Верба мен Г.Алмонд бес мемлекеттің саяси белсенділігіне талдау жасай келе саяси мәдениеттің «патриархалдық», «бодандық», «белсенділік» (азаматтық) түрлерін ажыратады.

## 2. Саяси мәдениеттің негізгі түрлері :

- 1. Патриархалды** - қоғам мүшелерінің саяси институттарға деген, орталық билікке деген қызығушылықтарының төмен болуы;
- 2. Бодандық** - әлеуметтік субъектілердің саяси жүйеге және билік қызметінің нәтижелеріне күшті бағдарын мінездейді, бірақ осы жүйенің қызмет атқаруын жүзеге асырылуына қатысуы әлсіз;
- 3. Белсенділік (азаматтық)** - қоғамның саяси өмірге белсенді қатысуына бағдарланған.

## 2. Саяси мәдениеттің негізгі түрлері :

*Саяси субмәдениет* - қоғамда үстемдік ететін мәдени бағыттан айтарлықтай ерекшеленетін саяси бағдар. Ол қоғамдық топтардың экономикалық, әлеуметтік жағдайларына, этникалық, діни, нәсілдік, білімдік, жыныстық, жас ерекшеліктеріне және т.с.с. белгілеріне байланысты болады.



**Сонымен саяси мәдениет дегеніміз –**  
белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік  
қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-  
әрекеттердің ұқсастық жиынтығы.

### 3. Саяси идеология: мәні, құрылымы, қызметтері.

**«Идеология»** ұғымы гректің *idea* – ой, түсінік және *logos* – ілім, ғылым деген сөздерінен шыққан.

Саясат ғылымына 19 ғ. француз фәлсафашысы және экономисі **Дестют де Трасси** саяси өмірді айқындауға көмектесетін идеяларды белгілеу мақсатында еңгізген.



Дестют Де Трасси  
(1754-1836)

### 3. Саяси идеология: мәні, құрылымы, қызметтері.

**Идеология деп** қандайда бір қоғамның немесе әлеуметтік топтардың мүдделері мен құндылықтарын білдіретін және іс-әрекеттеріне бағдар беретін көзқарастардың, идеялардың жиынтығын айтамыз.

*Бірде-бір бүгінгі дамыған қоғам идеологиясыз өмір сүре алмайды, себебі тек идеология ғана азаматтарға саяси өмір туралы ақпарат беріп, олардың саясатқа қатысуына мазмұн береді. Бұл дегеніміз идеология жоғарыдан жасалатын құндылықтар жүйесі емес, ол жалпыға ортақ идеялар мен көзқарастардың жиынтығы. Осыны саясатта жинақтап белгілі бір доктрина ретінде қарастырады.*

### 3. Саяси идеологияның қызметтері:

- 1) **Танымдық** – саяси жүйені, саяси өмірді суреттеп, түсіндіреді;
- 2) **Бағдарлық** – қоғам, әлеуметтік прогресс, тұлға және билік және т.с.с негізгі түсініктер туралы мағлұматтар беріп, адамның іс- әрекетіне бағыт-бағдар көрсетеді;
- 3) **Жұмылдыру** – қоғамның жоғары, құнды идеяларын алға тартып, мақсат-мүдделерді айқындап, саяси идеология саяси іс-әрекетке тікелей түрткі болып, қоғамды, әлеуметтік топтарды оларды іске асыруға жұмылдырады, рухтандырады, шабыттандырады;
- 4) **Амортизациялық** – идеология әлеуметтік шиеленістерді бәсеңдетеді;
- 5) **Бағалау** – идеология халық санасына қоғамның қазіргі және болашақтағы дамуына өлшемдік баға берерлік жағдай жасайды, үстемдік етіп отырған қоғамдық тәртіпке белгілі бір көзқарас тудырады.



## 4. Саяси идеология түрлері

Идеология әлеуметтік саяси парадигмасына қарай солшыл және оңшыл деп бөлінеді.

**Солшыл идеология** қатарына: коммунизм, социал-демократия жатады. Ал, **оңшыл идеологияға** либерализм, консерватизм, фашизм, нацизм жатады.

# ЛИБЕРАЛИЗМ

*Либерализм – латыншадан аударғанда liberalis -еркін*  
*Негізін салушылар:* Дж. Локк, Ш. Монтескье, А. Смит, И. Кант, Т.Джефферсон, А.Токвиль, Дж.Миль

## *Негізгі идеялары*

*Саяси салада – мемлекеттің қызметін заңмен шектеу, билік бөліну принципі*

*Экономикалық салада – еркін нарық, еркін бәсекелестік, мемлекеттің нарықтық қатынастарға араласпауы*

*Әлеуметтік салада – адамның өмір сүруге, еркіндікке құқығы, заң алдында барлығы бірдей, азаматтардың мемлекеттің ісіне араласуы*

*Құру жолдары - реформалар*

# КОНСЕРВАТИЗМ

*Консерватизм – латыншадан *conservo* - қорғаймын.*

*Негізін салушылар: Эдмунд Берк, Жозеф де Местр,  
Клеменс Меттерних*

## *Негізгі идеялары*

***Саяси салада** – билік элитаның қолында болатын күшті мемлекет*

***Экономикалық салада** – мемлекет экономиканы реттей алады, бірақ жеке меншікке қол сұқпайды*

***Әлеуметтік салада** – қоғамдық құндылықтардың жеке адам құндылықтарынан басым болуы.*

*Дәстүрлердің маңыздылығы, әлеуметтік тұрақтылық*

***Құру жолдары** - қоғам эволюциясы, революцияны және радикалды реформаларды қабылдамау,*



# СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

Негізін салушылар: Эдуард Бернштейн, Карл Каутский

## *Негізгі идеялары*

*Саяси салада – реформалар демократиялық социализмге жетудің құралы. Бостандық, әділдік, ынтымақтастық*

*Экономикалық салада – меншіктің плюрализмі, серіктестік*

*Әлеуметтік салада – қоғам мүшелерін кең әлеуметтік құқықтармен қамтамасыз ету*

*Құру жолдары – әлеуметтік және экономикалық реформалар*

# КОММУНИЗМ

*Коммунизм – латыншадан commūnis - ортақ.*

*Негізін салушылар: Карл Маркс, Фридрих Энгельс,  
Владимир Ленин*

## *Негізгі идеялары*

*Саяси салада – пролетариаттың диктатурасын  
орнату*

*Экономикалық салада – қоғамдық меншік,  
мемлекеттің экономиканы толықтай бақылауы*

*Әлеуметтік салада – таптардың жойылуы. Тең  
құқықтар*

*Құру жолдары – революция*

# ФАШИЗМ

*Фашизм – итал. аударғанда fascismo – одақ, шоғыр*  
*Негізін салушылар:* Бенито Муссолини, Адольф Гитлер

## *Негізгі идеялары*

*Саяси салада – қоғамның көсемге сөзсіз бағынуы, қоғамның барлық саласын мемлекеттің бақылауы*

*Экономикалық салада – экономиканы орталықтандыру, мемлекеттік- монополиялық реттеу*

*Әлеуметтік салада – таңдаулы тектің үстемдігі, жеке адам мүдделерінің ұлт пен мемлекет мүдделерінен төмен тұруы.*

*Құру жолдары –идеялық қарсыластарға және «төменгі тек» өкілдеріне қарсы бұқаралық террор*

# Қазақстандық идея

«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасы.

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы



# Қазақстандық идея

Елбасымыз Қазақстан халқына жолдауында мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды екенін атап өтті. **«Адам болашағына сенімді болуы керек, сонда ғана толыққанды мемлекет құруға болады. Мемлекетте азаматтардың дамуы үшін, жеке және кәсіби тұрғыда өсуге жағдайлар жасалып, мүмкіндіктер ашылған жағдайда ғана сенім пайда болады. Мемлекет осыны түсініп, халықпен біріге жұмыс істеуі тиіс»** - дейді Елбасы.

# Қазақстандық идея

Президент өз сөзінде, «Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» - деді.